

**С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебі**  
**Қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің апталығы аясындағы**  
**«Ашық есік күндері» жоспарының орындалу есебі. 2023-2024 оқу жылы**

Қоғамдық гуманитарлық бірлестіктің «Ашық есік» күндері 22-26 қаңтар аралығында өтті, жоспар құрылды, бекітілді. Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік бойынша 5 мұғалім ашық сабақтар берді.



Жоспар бойынша 22 қаңтар күні ағылшын тілінен 9 сыныпта ашық сабақ өтті. Сабақ тақырыптық күнтізбелік жоспарға сай. Тақырыбы: «Why are some traditions and languages disappearing?».


Ағылшын тілі сабағында 9-сынып оқушыларының белсенділігі мен пәнге деген қызығушылықтары жақсы екені байқалды. Оқушылар ағылшын тілінде еркін сөйлеуге

дағдыланып келеді.

6-сыныпта қазақстан тарихы 24-қаңтар ашық сабақ «Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы. Алтын Орда» тақырыбында өтті. Сабақтың мақсаты: Кескін картаға Қазақ жерінде ұлыстардың орналасқан территориясын анықтау.; XIII-XV ғасырлардағы монғол шапқыншылығының нәтижесінде этноәлеуметтік құрылымының өзгеруін түсіндіреді. Сабақ құрлымы жақсы құрылған, кезеңдер арасы жақсы жоспарлаған. Сандық ресурстар сабақ жоспарында әр түрлі-әдіс тәсілдерге негізделіп оқушылардың білімдерін тексеруге бағытталған. Сабақ бой бағалау бірден жүргізіліп, сабақ соңында оқушылар бір-бірін бағалау арқылы рефлексия жасады.




25-қаңтар жас маман Асайнова М.Е. «Как служебное слово может изменить смысл предложения?» тақырыбында ашық сабақ берді. Жас маман бірінші жыл сабақ бергендіктен сабақ жоспары әкімшілікпен балданып құрылды. Жас маман сабағын жақсы деңгейде өткізе білді. Оқушылармен еркін қарым қатынасқа түсе біледі және оларға талап қояды. Интербелсенді тақтаны жаңа сабақты түсінуде, сабақты бекітуде, кері байланыс жасауда жас маман қолдана білді.



26-қаңтарда 9-сыныпта қазақ әдебиетінен қазақ тілі маманы Айгожин К.С. Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасы тақырыбында ашық сабақ өтті сабақ жоспары №472 жоспарға сай құрастырылған. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенді өз ойларын еркін жеткізіп, ойларын пікір-талас арқылы тақырыпты ашып берді. «Flippiti» платформасы арқылы үй жұмысы тексерілсе, «Ворд волл» платформасы арқылы сабақты бекітуде тиімді болы. Сабаққа кері байланыс жасауда «Ватсап смс» ойын әдісі жақсы оқушылардың ойларын көрсете білді.

### Үй жұмысын тексеру

### Сюжеттік талдау жасау



31 қаңтар күні 8-сыныпта қазақ тілі маманы Тоғтасын Жанаргүль қазақ тілінен М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы бойынша «Жамал тағдыры».

